

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Белинский ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 қыркүйекте № 8660 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 1 тамыздағы № 01-20/284 ұсынысы негізінде Белинский ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Белинский ауылдық округі Қайындүкөл ауылында орналасқан Сауле Ерназарқызы Саламатованың жеке ауласына ірі қара малдың және жылқының құтыруының эпизоотиялық ошағына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Белинский ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2019 жылғы 20 мамырдағы № 1 шешімінің (2019 жылғы 23 мамырдағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8457 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Белинский ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

С. Ахмеджанов